

Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 475 "Жария сервитут белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 28 желтоқсандағы № 355 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 29 желтоқсанда № 5978 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 17 бабының 1-1) тармақшасына және 71-1 бабының 2 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 1 тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Сарыағаш ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы қарашадағы № 475 "Жария сервитут белгілеу туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5326 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 30 желтоқсанда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Сарыағаш ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Сарыағаш ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Таскуловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сарыағаш ауданының әкімі

М. Отаршиев

Сарыағаш ауданы әкімдігінің
28 желтоқсандағы 2020 жылғы
№ 355 қаулысына
қосымша

Сарыағаш ауданы әкімдігінің
2019 жылғы 26 желтоқсандағы
№ 475 қаулысына
қосымша

Пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жария сервитут белгіленетін жер учаскелердің экспликациясы

| № | Ж е р пайдаланушылар атауы | ж а р и я сервитуттың әрекет ету көлемі (гектар) | соның ішінде: | | | | | |
|---|----------------------------|--|--|--------------|--------------------------------|----------------------|----------|----------|
| | | | а у ы л шаруашылық мақсатындағы жерлер | оның ішінде: | | | | |
| | | | | егістік | соның ішінде: суармалы егістік | к ө п жылдық екпелер | шабындық | жайылым |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 1 | Жылға ауылдық округі | 258 | 255,3942 | | | | | 255,3942 |

кестенің жалғасы

| елді мекендердің жері | өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер | ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер | орман қорының жері | с у қорының жері | босалқы жер |
|-----------------------|---|---|--------------------|------------------|-------------|
| 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |
| | 2,6058 | | | | |